

19 *Lee, Kuan Yew*. Speeches on Singapore & the World Economy. Speech at Fortune 500 Forum, Boston. 23 Oct. 1997. [Electronic resource] // Ministry of Education // [web-site] URL: <http://www.moe.edu.sg/neu/about/pub-content-fortune500.html>. 30 Jan 1999 (request date 13.12.2012)

20 *Tan, Keng Yam Tony*. Regional Cooperation: The Way Ahead. Speech to the Oxford-Cambridge Society of Malaysia. 20 Mar. 1996. [Electronic resource] // Ministry of Information and the Arts // [web-site] URL: <http://www.gov.sg/mita/speech/speeches/v20n2004.htm>. 2 Feb 1999 (request date 13.01.2013)

З.Ғ.Сақтағанова, Г.Б.Оразбекова

### **Сингапур Республикасы сыртқы саясатының кейбір аспектілері**

Жаһандандудың қазіргі жағдайында жоғарыда аталған тақырып өзекті болып саналады, себебі қазіргі уақытта Оңтүстік-Шығыс Азия аймағына Батыс мемлекеттерінің тарабынан үлкен қызығушылық бар. Мақалада өзінің тиімді геосаяси жағдайына байланысты АҚШ, Қытай және Жапония сияқты ірі мемлекеттер тарабынан қызығушылық танытып отырған Сингапур Республикасының сыртқы саяси тәжірибесі қарастырылды. Сингапурдың тәжірибесі Қазақстан Республикасы үшін маңызды. Сонымен бірге Сингапурдың АСЕАН, АТЭК, тағы басқа ұйымдардың шеңберіндегі және аймақтық интеграциялық үрдістерге қатысуына талдау жасалды.

З.Ғ.Сақтағанова, Г.Б.Оразбекова

### **Некоторые аспекты внешней политики Республики Сингапур**

Отмечено, что в современных условиях глобализации тема, поднятая в статье, достаточно актуальна, так как на современном этапе к Юго-Восточной Азии проявлен и продолжает увеличиваться интерес Запада. Авторами рассмотрен внешнеполитический курс Республики Сингапур, которая является одной из наиболее привлекательных стран для мировых держав, в т.ч. США, Китая и Японии, благодаря своему выгодному геополитическому положению. Проанализировано участие Сингапура в процессах региональной интеграции в рамках деятельности таких организаций, как АСЕАН, АТЭС, АЕС и т.д. Определено, что опыт Сингапура также немаловажен для Республики Казахстан, которая находится в схожих условиях для ведения внешней политики.

ӘОЖ 39 (574)

Г.К.Шайжанова, А.Н.Мұқанова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: gulfona@mail.ru)*

### **Қазақ-жоңғар қарым-қатынастарының кеңестік кезеңдегі тарихнамалық мәселесі**

Мақалада қазақ-жоңғар қарым-қатынастарының кеңестік кезеңдегі мәселесі қарастырылды. Екі ел аралық қатынастарға қатысты тарихи құжаттар мен дереккөздерге талдау жасалды. Сонымен қатар аталмыш мәселесі бойынша монғолтанушылардың еңбектері талқыланды. Қазақ-жоңғар қарым-қатынастарының тарихнамалық аспектісіне көптеген зерттеушілер назар аударған, бірақ олардың негізгі бақылаулары бірнеше еңбектерде шашыраңқы көрсетілген. Авторлар шығармаларға баға беріп, тарихнамалық талдауға ұшырамаған үрдістерді қайта жасауға тырысқан.

*Кілтті сөздер:* қазақ, жоңғар, орыс, тарихнама, Кеңес үкіметі, саясат, отарлау, мәдениет, бейбітшілік, жүз.

XX ғасырдың 20–30-жылдары қазақтар мен жоңғарлар қарым-қатынасы мәселелерін зерттеу жаңа арнаға енді. Сол дәуірдегі қазақ зиялыларының өкілдері тарих ғылымына үлкен үлес қосты. Қазақ-жоңғар қарым-қатынасына арналған олардың еңбектері бағалы деректер болып саналады.

Қазақ халқының тамаша ұлдарының бірі М.Тынышпаевтың 1925 жылы «Қазақ халқының тарихы» атты еңбегі жарық көрді [1]. Қазақтардың тарихы, мәдениеті, тұрмысы, қазақ руларының шежіресінің білгірі көшпенді халықтардың өзара байланысына көп көңіл бөлді. Оның монографиясында қазақ-жоңғар қатынасына арналған жеке мақала бар, ол «Ақтабан шұбырынды» («Қазақтардың зор апаты мен зор жеңістері») деп аталады. Ол онда қазақтардың басынан өткен апаттардың себептерін, олардың күш біріктіріп, жоңғарларды қалай жеңгенін, өз жерінен қалай қуылғандығын баяндайды. М.Тынышпаевтың мақалалары екі халықтың арасындағы қатынастардың кейбір көріністерін зерттеу үшін құнды материал береді.

Қазақтар мен жоңғарлар тарихын «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты еңбегінде «Алашорда» партиясының жетекшісі, экономист-ғалым Ә.Бөкейханов былай келтіреді: «В XVI веке, как мы видели, в южной полосе края появился народ, известный под именем калмыков, которые оттеснили киргиз на северо-запад. Калмыки представляли из себя союз нескольких племен (торгаутов, хойтов, хошоутов и джунгаров), известный под именем ойратского...» [2; 50].

Ә.Бөкейханов еңбектерінің XVIII–XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихын бағалау үшін де маңызы баға жеткісіз. Ә.Бөкейханов былай деп жазды: «XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап солтүстіктен жаңа халық — славяндар келе бастады; олардың мәдениеті сол кездегі Қырғыз өлкесі билеушілерінің мәдениетінен жоғары болатын, сондықтан жергілікті халық өз өлкесіндегі үстемдікті келімсектерге беруге тиіс болды». Орыстардың өлкені отарлауын Ә.Бөкейханов екі кезеңге: мұнда ерікті отарлаушылардың пайда болуына және олардың ізімен үкімет жасақтарының келе бастауына бөледі. «Ерікті отарлау, — оның пікірінше, — осында сол кездегі ауыр тұрмыс жағдайларынан қашқан немесе қорғансыз бұратаналар есебінен оңай баю үшін шаруалардың, қылмыскерлердің, сектанттар мен басқа да әр түрлі тобырлардың келуімен жасалды. Бұл жөнінен оларға оңтүстік Орал мен біздің өлкеміздің солтүстік-шығысы ерекше қатты ұнады. Беймәлім елдерге тереңдей еніп, ілгері қарай қозғалумен жалғасқан «жер шолу» туралы ой осы тұста туды. Бұл қозғалыстың қаншалықты күшті және күдіретті болғанын аты-жөні жоқ еріктілер толқынының небәрі екі жүз жылдай уақытта (1560–1750) Оралдан Камчаткаға дейін, Березовтан Алтайға дейін бүкіл Сібірді баса-көктеп жүріп өткенінен білуге болады. Осындай толқын тармақтарының бірі — солтүстіктен Ертіс бойымен және Бараба даласынан, екіншісі — оңтүстік Оралдан Жайық өзенімен оның салаларын бойлап Қырғыз өлкесіне келді. Соңғы қозғалыс ерте басталды, бірақ Ертіс бойымен отарлау тезірек жүргізілді, өйткені бұл толқын күштірек болатын; табиғи байлықтарының арқасында Ертіс өлкесі мен Алтай отаршылдар көзіне өте бағалы көрінді, сөйтіп олар осы жаққа көбірек жіберілді. Мұны орыс үкіметі де ұғынып, оған кейіннен басты әскери күштерін жіберді. Төменіректе біз үкіметтік отарлау (және жаулап алу) еріктілердің ізімен жүргізілгенін және, былайша айтқанда, оны заңдастырғанын көреміз; кейбір жағдайларда үкіметтің белгілі жер учаскесін еріктілер сол кезде-ақ басып алғандықтан, оны өзінікі деп тануына ғана тура келді» [2].

Әлихан Бөкейханов өзінің Қазақстан тарихы және жер пайдалану нысандарының дамуы мәселелері жөніндегі еңбектерінде өлкенің солтүстік-орталық және шығыс бөліктерін жаулап алу мен отарлауды бөлек алып қарастырады.

«Есіл–Ертіс өлкесінде орыс адамдарының келген жылын қай жылға жатқызу керек екенін дәл айту қиын, — деп жалғастырады ол ойын. — Солтүстік Сібірдегі сияқты, мұнда да өлкені жаулап алудың алдында терісі бағалы аң аулауды кәсіп еткендердің, ал кейде бұратаналарды жай ғана тонап кету үшін келіп-кетушілердің болғаны анық. Орыс отарлаушыларының қандай да бір арнайы (талап-тонаудан басқа) мақсатпен бірікпеген еріктілер тобырын құраған осы жекелеген алдыңғы бастаушылары алғашқы кезде бұратаналар тарапынан, сірә, ынтымақты тойтарыс таппағанына қарамастан, отарлаудың сенімді тірегіне айнала алмады». Сөйтіп, Ә.Бөкейхановтың пікірінше, Қазақстанның империя құрамына кіруі отарлау (ерікті түрде және үкімет арқылы) мен жаулап алудан тұрады. «XVIII ғасырдың аяғында (біздің жоғарыда байқағанымыздай) Қырғыз өлкесі көшпелілерінің едәуір бөлігі орыстардың билігін мойындап, орыстар шегінде көшіп жүрді. XIX ғасырдың басынан бастап үкімет жаулап алынған өлкені нығайту жайын ойластырды». Ә.Бөкейханов өзінің барлық зерттеулерінде «жаулап алу» деген ұғымды қолданып, сол арқылы XVIII–XIX ғасырлардағы орыс-қазақ қатынастарының барысында қалыптасқан күрделі өзара қатынастарды сипаттайды.

Ә.Бөкейханов орыстардың Орталық Азиядағы ерекше өркениеттілік миссиясы туралы негізсіз тұжырымдамасын ашықтан ашық әшкереледі. «Өлкені бағындырған соң, — деп жазды ол, — орыстар мәдениетті жұмысқа көше алмады, өйткені бастапқыда жаулап алу тек қана баю мақсатымен жасалды

және алғашқы жаулап алушылар мәдениет рөлін атқаруға мүлде дайын емес болатын. Олар адамгершілігі алғашқы қауым адамдарынан аспаған, өткендегі әмірі күмәнді, дөрекі, надан адамдар еді; рас, осының бәрі бола отырып, олар бұратаналардан жетілгендеу болып шықты, бірақ оларды бағындырған соң саналы түрде бейбіт мәдени жұмысқа көше алмады; олар тіпті табиғаттың бай тартуларын ақылмен пайдалануға немесе өздерін өз еңбегімен асырауға күш-жігер жұмсаған жоқ. Керісінше, олар баюдың неғұрлым жеңіл басқа әдісін — бағындырылған бұратаналарды талап-тонау мен табиғи байлықтарды талан-тараж ету жолын таңдады». Автор еріктілердің еңдей кіруіне империяның мүдделі болғанын нақтылай келіп, еріктілер мен үкіметтік отарлау үрдісін ажырағысыз бірлікте қарастырады. Біріншіден, ол орыс отарлауының алдыңғы тобы болды, екіншіден, ол империяның ішкі өміріндегі проблемаларды жоюға мүмкіндік берді.

Өзінің тарихи зерттеулерімен белгілі болған, «Алаш» партиясының қайраткері, қазақ халқының мүддесін жеткізуші А.Байтұрсынов «Жоқтау» атты кітабында XVI ғ. жоңғарларға қарсы күресте Мамай батырдың да қатысқанын айтады [3].

Өз халқының тарихында із қалдырған энциклопедиялық деңгейдегі еңбектер жазған М.Дулатов «Хан Абылай» очеркінде Абылай ханның тағдыры, жоңғарларды жеңуі жайлы әңгімелейді [4].

Х.Досмұхамедов Ресейдің жаулап алушылық саясаты қазақ жерін Азияға еңдей кіру кезінде алғы шеп ретінде пайдалану болды деп есептеді. Қазақ өлкесінің біржола «Ресейге бағынуын» ол XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басындағы қазақтардың ұлт-азаттық күресінің жеңіліс табуы салдарынан болды деп санады. Ол Әбілқайыр және ру ақсақалдарының шағын тобы патша өкіметімен сөз байласуға барып, елді бодандық алуға мәжбүр етті деп есептеді. Х.Досмұхамедов қазақтардың Ресей мемлекетіне бағыну актісіне халықтың негізгі бұқарасының қатыспағанын келіссөз үрдістеріне Кіші жүз бен Орта жүз руларынан біркелкі өкілдер болмағанын мысалға келтіре отырып дәлелдеді [5].

Х.Досмұхамедовтың очеркінде де осы тақырып қозғалған, оның айтуынша, қалмақ қыздарына тек үйленіп қана қоймаған, олар үшін хандар мен батырлар арасында дау-дамайлар да болған.

Белгілі жазушы М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында да осы тақырып қамтылады. Онда қалмақ ауылдарына шабуылдаған кезеңінде қалмақ қызын алып қашып, үйіне әкелгендігі туралы баяндалады. Ол қызды оның інісі Ноян да жақсы көріп қалады. Поэма трагедиямен аяқталады [6]. Аталған тақырып С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында жалғасын тапқан. Бұл жолы қалмақ қызы өзінің сұлулығымен тұтас әскерді баурап алады. Қалмақ ауылына шабуыл жасаған кезде ол қыз қазақ батырларына тұтқынға түседі. Сондықтан біреуіне күйеуге шығуға мәжбүр болады. Өзінің ақылдылығы мен тапқырлығының арқасында ол тығырықтан шығудың өзіне тиімді жолын табады. Поэма соңында қыз өз отанына қайтып оралады [7]. Аталған мысалдардан «қазақ батыры — қалмақ қызы» тақырыбының қазақ эпостарында кең таралғанын көруге болады. Мүмкін, қалмақ жырларында да осы тақырып кездесетін шығар, ол проблема кеңірек зерттеуді қажет етеді.

М.Әуезов «Әдебиет тарихы» деген кітабында (1927) былай деп атап көрсеткен: «Қазақ елін орысқа бағындыруға зорлаған себептер көп. Бір жағынан, қалмақтар сияқты елдің тізесі батқан жаулығы болса, екінші: Орта Азия хандықтарының қысымшылығы, үшінші: орыс үкіметінің қазақты бағындыруды мақсат қылғандығы, осымен бірге тағы бір зор себеп, қазақтың өз хандарының алалығы. Өзара жаулық пен араздық, өштік күшейіп, бірін-бірі жауламақ үшін әрқайсы кез келген жұрттан көмек іздеп, қазақ елін әр айғырдың үйіріне сіңіруге айналғандығы. Осындай көп себептер тұтасып, ел тіршілігі бір шым-шытырық мезгілге жеткенде, орыс үкіметінің шеңгелі комағайлықпен созылып, қазақ даласын уысына кіргізіп әкетіп бара жатты. Орысқа бағыну, елдің алдына ұсынған сыбағалы табақтай болып, еріксіз бой ұсындыруға айналды» [8].

Қазақстанның Ресейге қосылу проблемасы Т.Рысқұловтың тарихи мұрасында да көрініс тапқан. Қазақстанның жалпы Ресей бодандығына өтуі тұрғысынан қарастыра келіп, ол «бағындыру», «қазақтарды жуасыту», «жаулап алушы күш» деген терминдерді қолданған. Ол жазған «Патша өкіметінің отаршылдық саясатында» екі кезең: XVI ғасырдың аяғынан бастап — қазақтардың, XIX ғасырдың ортасынан бастап — шаруалардың отарлауы бөліп көрсетіледі. «Өздері ілгері жылжыған жолында орыс өкіметі жанадан жаулап алған аудандарда дереу бекіністі мекендер тұрғызып, оларға қазақтар мен келімсек шаруаларды қоныстандырып отырды» [9].

Т.Рысқұлов қазақ жүздерінің Ресей бодандығына өту себептерін бірінші кезекте Қазақстанның сыртқы саяси жағдайымен байланыстырды. Оның сыртқы саяси жағдайы қазақтарды шығыстан — жоңғарлардың, оңтүстіктен — Хиуа, Бұхара, Қоқан хандығы, батыстан ноғайлар мен қалмақтардың қысым жасауынан көрінген. Т.Рысқұловтың пікірінше, Ресейдің Қазан (1552), Астрахан (1557)

хандықтарын жаулап алу, Батыс Сібірді бағындыру (1581), орыстардың Орал мен Ертісті бойлай жылжуын күшейтуі жөнінде шығыста белсенді саясат жүргізуі едәуір рөл атқарған.

Х.Арғынбаев, М.Мұқашев, В.Востров жазған керемет академиялық зерттеу болып саналатын «Қазақ шежіресі хақында» атты кітапта «Жоңғар басқыншылығы» деген тарау бар. Онда жоңғарлар шапқыншылығы мен жаулап алуы кезеңі, «Ақтабан шұбырынды», қазақ батырлары туралы айтылған: «Қазақтарды біртұтас жасаққа біріктіру ғана жоңғар шапқыншылығынан құтқарар еді. Халық батырлары: Кіші жүзден — Тайлак, Орта жүзден — Қабанбай мен Бөгенбай, Ұлы жүзден — Саурық батырлар осындай бірліктің негізін қалады. Сөйтіп, үш жүздің барлық батырлары тізе қоса отырып, 1726 жылы Торғай даласының оңтүстік-шығысында жоңғарларға қатты соққы берді» [10].

Қазақ-жоңғар байланысының мәселелерін алғашқылардың бірі болып айналысқан, Орта Азия тарихын зерттеген кеңестік тарихшы, орыс ғалымы В.В.Бартольдт болды. «Очерки истории Семиречья» деп аталатын ғылыми еңбекте ол Жоңғар хандығының пайда болуы мен күйреуінің себептерін ашты [11].

Басқа ресейлік зерттеуші В.Л.Котвичтің еңбектері орыс-монғол байланыстарына арналған. Оның көптеген мұрағаттық материалдар негізінде жасаған деректанушылық қызметі қазақ-жоңғарлардың өзара байланысын зерттеуде үлкен маңызға ие болды [12].

Қазақ-жоңғар қатынасының жаңа қырлары ресейлік тарихшы И.Я.Златкиннің «История Джунгарского ханства» атты кітабында баяндалған. Ол қазақ-жоңғар соғысының себептерін, екі жақтың билеушілерінің осы соғыстағы атқарған ролін зерттеген, қарым-қатынастарға қатысты көптеген құжаттарды ғылыми айналысқа түсірген. Оның бұл еңбегін көптеген тарихшылар жоғары бағалаған [13].

И.Я.Златкин деректерге талдау жасап, 1698 жылғы шайқастың 3 түрлі себепін көрсетеді [13; 215].

Біріншісі, 1697 жылы Цеван-Рабданның айттырып қойған қалыңдығы Аюке ханның (Торғауыт қалмақтың ханы) қызы Сетержап Еділ-Жайықтан Жоңғарияға жол тартқан. Жоңғарияға бет түзеген шақта мезгіл жаздың аяғы екен. Жолда қыс түсіп кетіп қалыңдық Қарқаралы Қазылық маңында Кент деген тауда «Қыз Әулие» деген үңгірдің маңында қыстап қалады. Қазақ руларымен тіл табысып, қысқа қоныс жасаған. Онысы екі қабатты құрылыс, таудың қызыл тасынан салынғандықтан, кейін Қызыл Кеніш аталып кетті. Сол Қызыл Кеніште болған кезінде Сетержап қалыңдық Едіге деген қазақ жігітімен көңіл қосып, күйеу жұртына жеткенде қалыңдықтың аяғы ауыр болған. Одан туған баланың атын Сына-Шұна Дабо (Лаузан) қойған [13; 215].

Екіншісі, 1683 жылғы Галдан-Бошоктудің шабуылы кезінде, жоңғарлардың қолына Тәуке ханның сүйікті ұлы — ханзада Сұлтан түсіп қалады. Сұлтан хандық тақтың бірден бір мұрагері еді. Сондықтан жоңғар билеушілері оны ламалыққа, пұт дініне бейімдемек болып, Лхасаға жібереді. Мақсаттары Тәуке хан оның одақтасына айналады және Сұлтан қазақ тағына ие болғанда жоңғар ықпалында болмақ [13; 215]. Тәуке хан қоңтайшыға Сұлтанды қайтару жөнінде елшілер салады, бірақ бұдан еш нәтиже шықпайды. Сол себептерден хан жасырын жасақ дайындап, оларды ылғи жоңғарша киіндіріп, жоңғарлар тілін білетін батырларды басшы қылып сайлап, олар тікелей Тибетке қарай жол тартып, Сұлтанды күзетуге қойған 500 күзетшілердің көздерін жояды [13; 215]. Яғни, жоңғарлардың 500 адамын өлтіргені себеп болған.

Үшіншісі, жоңғардың атақты батыры Үркедей тайшының (Урхедей-Батур-Тайдзия) қазақтың қолынан өлуі [13; 215].

Қазақ пен жоңғардың XVII–XVIII ғғ. жауласуына әкелген жоғарыда айтылған оқиғалар себеп болғанымен, тек сылтау ғана еді [13, 216]. Қазақ-жоңғар соғыстарының себептері тереңде жатыр.

Галдан-Бошокту кезінде Халха жері үшін Цин империясымен шайқастарда хандық әлеуметтік, экономикалық, саяси жағынан дағдарысқа ұшырады. Әскери істердегі сәтсіздіктер және Галданның қазасы, Цеван-Рабданның билігінің әлі толық бекімеуінен кейінгі Жоңғар хандығындағы тұрақсыздық Ресей және Қазақ хандығы тарапынан қысым жасауға қолайлы жағдай туғызды. Ресей Енисей, Тобыл, Ертіс бойына орыс қоныстарын сала бастады. Қазақ-жоңғар қарым-қатынастарының шиеленісуіне де жер себеп болды. XVII ғасырдың 90 жж. қазақ байлары өздерінің көшін оңтүстікке және шығысқа — Жоңғарлардың хандығына қарай бағытталды. Екі ел аралық қақтығысқа жер мәселесімен қатар сауда жолдары мен сауда орталықтарына иелік ету ұмтылысы себеп болды.

Нәтижесінде XVII ғ. аяғында – XVIII ғ. басында Жоңғар хандығы шектелген аймақта таршылық көрді, сонымен қатар халхалық жерлерге ие болған Цин империясы өзінің жаулап алу саясатын

батысқа бұруы; солтүстік және солтүстік-батыста Ресей империясы орналасқан еді. Цеван-Рабдан билік басына келгенде Жоңғар хандығының жағдайы осындай болатын [13; 217].

Сөйтіп, жер мәселесін көршілер есебінен кеңейту, сауда жолдары мен орталықтары үшін күрес қазақ-жоңғар қарым-қатынастарының ушығуына әкелді. Аталмыш мәселе қазақ-жоңғар халықтарының ішінара тығыз қарым-қатынас орнауына алып келді. Бұл өз кезегінде екі ел аралық этникалық және мәдени байланыстардың қарқынды әсерін туғызды.

Екі халықтың байланысы туралы проблемаларды зерттеуші кеңестік тарихшылардың ішінде ерекше орынды бурят ғалымы Ш.Б.Чимитдоржиев алады, оның «Взаимоотношения Монголии и Средней Азии в XVII-XVIII вв.» [14] еңбегінде кеңестік тарихнамада алғаш рет Монғолия және Орта Азия халықтары, соның ішінде қазақтар мен жоңғарлар қарым-қатынасы аспектілерін жете зерттеді. Бұл зерттеудің артықшылығы мен кемшіліктерін қазақстандық тарихшылар Р.Б.Сүлейменов және В.А.Моисеев тыңғылықты қарастырды. Бұл ретте соңғысы тарихшылардың пайымдауларына сын көзбен қарайды. Мысалы, В.А.Моисеевтің Ш.Б.Чимитдоржиевтің мына тұжырымдамасымен келіспейтіндігіне байланысты келтірген дәлелдері сенімсіздік тудырады: «Нападение ойратских феодалов на казахские земли началось в первой половине XVI в. До этого взаимоотношения казахов и ойратов в течение целого столетия были мирными» [15; 32]. И.Я.Златкин де осы пікірмен келіседі: «Необходимость сосредоточить все силы и средства казахских феодалов для борьбы против узбекского хана Абулхайра, а затем против Шейбани и шейбанидов заставляла казахских феодалов поддерживать мирные связи с другими своими соседями, например, с ойратами, отношения с которыми целое столетие не были омрачены конфликтами» [13; 42].

Көшпенді халықтардың мәселелеріне арналған тарихнамада тарихшылар Р.Б.Сүлейменовтың, В.А.Моисеевтің еңбектерінің маңызы зор, әсіресе «Внешнесполитические связи Казахстана, Средней Азии и Центральной Азии XVI–XVIII вв. в советской историографии» және «Некоторые вопросы казахско-джунгарских отношений в советской историографии» [15]. Бұл еңбектерде қазақ тарих ғылымында алғаш рет аталған мәселенің тарихнамасы талданып, сол кездердегі проблемалар баяндалып, оларды шешу жолдары айқындалды. Бұл еңбектердің құндылығы аталған проблеманың тарихнамасын тыңғылықты зерттеуінде болды.

Р.Б.Сүлейменовтың жоңғарлар мен қазақтар арасында бірнеше ғасырлар бойы тығыз және жан-жақты байланыстардың болғандығы туралы ойы маңызды болып саналады.

К.Л.Есмағамбетовтың «Зарубежная историография с древнейших времен до начала 90-х годов» атты еңбегін де атап өту керек, онда шетел тарихшыларының еңбектері толық және жүйелі түрде талданған. Бұл зерттеу тарихнамалық ғылымның дамуында маңызды орын алады [16].

Б.П.Гуревичтің В.А.Моисеевпен бірлесіп жазған «Взаимоотношения Цинского Китая и России с Джунгарским ханством в XVII–XVIII вв. и Китайская историография» деген еңбегі ресми қытай тарихнамасының Жоңғар хандығымен қатынасқа қатысты Цин империясының саясатына байланысты көптеген теріс жақтарын ашып көрсетті. Қытайдың ұлы державалық-шовинистік позициясы оның империя төңірегінде тұратын нехань халқына үстемдік жасауға құқылымыз деген ойынан туындаған, сондықтан Қытай Жоңғарияны басып алып, ондағы халықты қыруын заңды іс-әрекет деп санаған. Аталған еңбекте қазіргі заманғы қытай зерттеушілерінің еңбектері сын тұрғысынан қарастырылған және олардың аталған проблемаға қатысы талданған [17].

Орталық Азияда халықаралық қатынастардың құрылымын зерттей келе, Б.П.Гуревич монографиясында мынадай қорытындыға келеді: «Со второй четверти XVI в. началась полоса казахско-ойратских столкновений, вызванных попытками западно-монгольских феодалов расширить свои пастбищные территории и заодно пробиться к рынкам Средней Азии» [17; 25]. Қазақ-жоңғар қарым-қатынастарын баяндай келе, ғалым былай дейді: «...после смерти Батур-хунтайджи в 1653 г. и начавшихся междоусобиц в Джунгарском ханстве тьяншанские киргизы и казахи Старшего жуза снова начали успешную борьбу с ойратскими завоевателями. Один из сыновей Хунтайджи, Ондон, возглавил карательный поход джунгарских войск в Семиречье, потерпел неудачу и попал в плен. После того, как в 1655 г. к власти в Джунгарском ханстве пришел новый правитель — Сенге (1655–1670), восточная часть Семиречья уже фактически была освобождена от ойратов» [17; 25]. Алайда Б.П.Гуревичтің еңбегінде өкінішті түсінбеушілік бар. Ол 1643 жылы қазақ — жоңғар соғысында қазақтар өз тәуелсіздігін өзбектердің көмегімен сақтап қалды деген. Зерттеулер қазақтарға көмек берген өзбектер емес, Самарканд бегі, қазақ батыры Жалаңтөс екенін дәлелдейді. Алайда, кейбір ауытқушылықтарға қарамастан, монографияның құндылығы автордың назарын мына жағдайға аударуында: «...наблюдалась тенденция к созданию военно-политических союзов между отдельными

группами казахских и ойратских владельцев». Ол циндердің қазақ пен жоңғарлардың жақындасуынан қорқатындығын көрсетеді: «Перспектива укрепления казахско-джунгарского союза особенно сильно беспокоила цинское правительство, которое, как свидетельствуют китайские источники, стремилось ни в коем случае не допустить каких-либо совместных действий Амурсаны и правителей казахских ханств» [17; 27]. Орталық Азиядағы халықтардың күрделі қарым-қатынасын суреттей келе, Б.П.Гуревич көшпенді этностардың әскери қақтығыстарын санап берумен шектелмейді. Өз еңбегінде ол қазақтар мен жоңғарлардың өзара достық көмегі жайлы да айтады.

Қазақ-жоңғар қатынастарының мәселелерін қазақстандық тарихшы В.А.Моисеев жан-жақты зерттеген. Көп жылғы зерттеулерінің қорытындысы ретінде ол 1991 жылы «Джунгарское ханство и казахи» [18] атты еңбегін шығарды. Сонымен бірге бұл еңбек қазақ жоңғартануға қосқан салмақты үлесі еді.

XVI ғ. соңы – XVIII ғ. ортасына дейін Қазақстанның көптеген аудандарында ойраттар (жоңғарлар, қалмақтар) мекендеген. Кейбіреуінде олар ұзағырақ, ал кей аймақтарда аз уақыт өмір сүрген. Жалпы алғанда олардың мекендеуі жүз — жүз жетпіс жылға созылған. Сол кезеңдерден аймақта ойрат тілді топонимдер, құрылыстар сақталып жеткен. Ойраттардың құрылыстары негізінен ғұрыптық (культтық) сипатта болған. Негізінен әр түрлі қажеттілікке арналған ғимараттардан тұрған будда мәдениетінің тіркеулері. Осындай монастырлардың бірі XVII ғ.б. Ертіс өзенінің оң жағасында орналасқан (Шығыс Қазақстан). Патша Михаил Федоровичтің Түмен әскербасшысына 1616 ж. берген грамотасында бұл монастырь Тас мешіт атауымен көрсетілген. Тарихи әдебиеттерде Доржихит (Доржи монастыры) деп аталады. Осы монастырь тұрған жерде 1778 ж. Семей қаласының іргетасы қаланған. Семипалатинск деген атау құламай қалған 7 ғимараттынан (палатасы) шыққан.

Көптеген жаңа мәліметтер Г.К.Конкашпаевтың «Историко-географические сведения о пребывании калмыков (джунгаров) на территории Казахстана в XVI–XVIII вв.», «Некоторые сведения о пребывании ойратов на территории Казахстана», «Казахские народные географические термины» мақалаларында жазылған [19]. Одан әрі ол мынадай қорытындыға келеді: «Ныне сотни географических объектов носят ойратские названия. Они в основном сохранились в наименованиях сравнительно крупных реалий-гор, рек, озер. Перечислим некоторые из них: оронимы (название гор): Тарбагатай, Калба, Кантагатай, Богуты, Согуты, Баянауыл, Баянжурек; гидронимы (название рек, озер): Оленты, Чидерты, Смуты, Моинты, оз.Зайсан, Кургальджин». Соңында автор жоңғарлардың Қазақстандағы ықпалы ұзақ мерзімді және үлкен кеңістікте болған деген қорытындыға келеді [19; 116].

Қазақстанда, Г.К.Кошкашпаевтың пікірінше, ойраттарға қатысты басқа да құрылыс түрлері бар. Қазақ-жоңғар қарым-қатынасының проблемаларын баяндайтын тарихнама кеңестік уақытта жаңа деңгейге көтерілді. Көптеген тарихшылардың күш салуы арқасында аталған мәселе бойынша мәліметтер беретін мұрағаттық деректер айналысқа түсті. Сонымен бірге кеңес жоңғартануын байытқан ежелгі шығыс жазбалары орысшаға және қазақшаға аударылды (В.П.Юдин, т.б.).

Ғылымда қазақтардың басқа халықтармен қарым-қатынасын зерттеген жаңа талантты ғалымдар пайда болды. Қазақстандық жоңғартану өкілдері (ғалымдар Р.Б.Сүлейменов, Ж.К.Қасымбаев, В.Я.Басин, И.В.Ерофеева, т.б.) ешуақытта партиялық принциптердің жақтаушылары болған емес. Олар үлкен қиындықпен объективтілік және тарихилық принципті «академиялық тоталитаризмнен», псевдоинтернационализмнен, догмалық формационизмнен қорғау жолдарын іздеді, бұл олардың еңбектерінің әр тарауынан көрінеді. Олар болашақта тәуелсіз, шынайы, ғылыми тарихи талдау жасаудың негізін қалады. Сонымен, біз қазақстандық жоңғартану дағдарысты кешуде деп ойлап, әдіснамалық эволюцияның жақтаушылары боламыз.

## References

- 1 *Tynyshpaev M.* History of the Kazakh people. — Almaty: Sanat, 1997. — 224 p.
- 2 *Bokeyhanov A.* Historical fate of the Kyrgyz people /favorites. — Almaty: Kazakhstan, 1994. — 384 p.
- 3 *Baytursynov A.* Zhoktau. — Almaty, 1994. — 126 p.
- 4 *Dulatov M.* Shygarmalary. — Almaty: Zhazushy, 1994. — 305 p.
- 5 *Dosmuhamedov H.* Alaman. — Almaty: Zhazushy, 1991. — 256 p.
- 6 *Zhumabaev M.* Shygarmalary. — Almaty: Zhazushy, 1994. — P. 240–461.
- 7 *Seifullin S.* Shygarmalary. — Almaty: Zhazushy, 1986. — P. 55.
- 8 *Seydimbek A.* World of Kazakhs. — Almaty: Rauan, 2000. — 576 p.

- 9 *Magauin M.* ABC of Kazakh history. — Almaty: Kazakhstan, 1997. — 224 p.
- 10 *Erofeeva I.V.* Abul Khair Khan: commander, ruler and politician. — Almaty: Sanat, 1999. — P. 244, 245.
- 11 *Bartoldt V.V.* Turkestan in the era of the Mongol invasion. — In.: VV Bartoldt Works. — Vol.1. — Moscow: Publishing House of Oriental Literature, 1963. — P. 136.
- 12 Articles on the history of Russian-Mongolian relations. Collection of documents. — Moscow: Nauka, 1959. — 469 p.
- 13 *Zlatkin I.J.* History Junggar Khanate. — Moscow: Nauka, 1864. — 482 p.
- 14 *Chimitdorzhiev S.B.* Relationships Mongolia and Central Asia in XVII–XVIII centuries. — Moscow: Nauka, 1979. — 235 p.
- 15 *Suleimenov R.B., Moiseev V.A.* From the history of Kazakhstan in XVIII. (On foreign and domestic policy Abylhair). — Almaty: Nauka, 1988. — 144 p.
- 16 *Suleimenov R.B.* External relations of Kazakhstan XVI–XVIII centuries. Soviet historiography // Kazakhstan, Central and Central Asia in XVI–XVIII centuries. — Almaty: Nauka, 1983. — 178 p.
- 17 *Gurevich B.P.* International relations in Central Asia in the XVII–XVIII centuries: Documents and materials. — Moscow: Nauka, 1989. — 375 p.
- 18 *Moiseev V.A.* Some issues of the Kazakh — Jungar relations in Soviet historiography /Questions historiography and source of Kazakhstan (the pre-revolutionary period). — Almaty: Nauka, 1988. — 264 p.
- 19 *Konkashpaev G.K.* Kazakh dictionary of place names. — Almaty: Publishing House of Kazakh Academy of Sciences, 1963. — 184 p.

Г.К.Шайжанова, А.Н.Муканова

### **Историографическая проблема казахско-джунгарских отношений в советский период**

В статье рассмотрена проблема историографии казахско-джунгарских отношений в советский период. Проанализированы основные источники и исторические документы по истории отношений между двумя народами, а также труды монголоведов по данной проблеме. Отмечено, что историографическому аспекту казахско-джунгарских отношений уделяли внимание многие исследователи, но их мысли по этому вопросу рассеяны в десятках их трудов. Задача авторов состояла в том, чтобы, подытожив ранее высказанные замечания и дав оценку произведениям, до сего дня выпадавшим из поля зрения историографии, воссоздать процесс движения исторической мысли в интересующей области.

G.K.Shayzhanova, A.N.Mukanova

### **Historiographical problem kazakh-zhungar relations in the Soviet period**

This article deals with the problem of the historiography of the kazakh-zhungar relations in the Soviet period. Discusses the main sources and historical documents on the history of relations between the two nations. And discusses the works of Mongolian studies on the subject. Historiographical aspect of the kazakh-zhungar relations paid attention by many researchers, but their observations on the problem of scattered in dozens of publications. Task of author is to summarizing the earlier comments and giving an assessment works to this day the field of vision of historiography, to recreate the process of movement of historical thought in the region of interest.